АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ғалымдарды, оқытушыларды, мектеп мұғалімдерін, докторанттарды, магистранттар мен студенттерді көрнекті ғалым-химик, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, Қазақстандағы химия ғылымының негізін қалаушысы **Әбікен Бектұрұлы Бектұровтың туғанына 125 жыл толуына** арналған

«ХИМИЯ ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ: ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕР МЕН ДАМУДЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕРІ» атты **Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға** қатысуға шақырамыз!

11 желтоқсан 2026 жыл



Конференцияның ұйымдастыру комитетінің тең төрағалары:

Алтынбек Нухұлы – химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры.

Медетов Нурлан Әміруұлы – физика-математика ғылымдарының докторы, Торайғыров университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры.

Өтетін орны: «Торайғыров университеті» КЕАҚ, Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64, бас оқу ғимараты.

Өткізу форматы: офлайн және онлайн.

Конференция аясында химия саласының өзекті мәселелері төмендегі секциялар бойынша қарастырылады:

1) Академик Әбікен Бектұрұлы Бектұровтың ғылыми мұрасы және химия ғылымының қазіргі даму үрдістері.

2) Химиялық білім беру: заманауи әдістемелер, цифрлық технологиялар және ғылыми-зерттеу қызметі.

3) Химия және экологиялық қауіпсіздік: тұрақты технологиялар және ресурстарды ұтымды пайдалану.

4) Іргелі және қолданбалы химия: заманауи зерттеулер мен ғылыми жаңалықтар.

5) Заманауи химиялық технологиялар және өнеркәсіпке арналған инновациялық шешімдер.

Конференция қорытындысы бойынша ғылыми мақалалар жинағы жарық көреді. Жинақ электрондық форматта **(PDF)** жарияланады. Конференция қатысушыларына электрондық сертификаттар беріледі.

Материалдарды қабылдау мерзімі: 2026 жылғы 27 қарашаға дейін қоса алғанда. Материалдар **ТЕК** www.sci-conf.tou.edu.kz сайты арқылы қабылданады. Көрсетілген мерзімнен **КЕЙІН ТАПСЫРЫЛҒАН** және **ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТА** арқылы жіберілген мақалалар **ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ!**

МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.
2. 1 (бір) мақаланы жариялау құны – **3 000 ТЕҢГЕ**. Төлем мақаланы **ЖАУАПТЫ ХАТШЫ ҚАБЫЛДАҒАННАН КЕЙІН ҒАНА** төленеді. Егер жарияланымнан бас тартылса, қаражат **ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ**. Мақаланы жариялау құны туралы толығырақ www.sci-conf.tou.edu.kz сайтында.
3. Мақала көлемі: Times New Roman қарпімен (12-кегль) 3-5 бет. Мақалаларды рәсімдеуге қойылатын талаптармен және Мақаланы рәсімдеу үлгісімен толығырақ www.sci-conf.tou.edu.kz сайтындағы «Авторларға» бөлімінде танысуға болады.
4. Мақаланың өзіндік ерекшелігі **кемінде 60%** болуы керек. Тексеруді antiplagiat.ru, exactus.ru немесе басқа тегін сервистер арқылы жүзеге асыруға болады. Плагиатқа тексеруден өту туралы анықтама **JPG** (скриншот) немесе **PDF** форматтарында қабылданады, анықтамада мақаланың/автордың атауы анық көрінуі керек. Талаптарға сай келмейтін анықтамалар қабылданбайды.
5. Бір автордың (авторлардың) мақалалар саны шектелмейді.
6. Бір мақалада **3 (үш) бірлескен автордан артық болмау керек.**
7. Ғылыми мақала конференция тақырыбына сәйкес болуы, түпнұсқа, өзекті болуы, ғылыми жаңалығы, болжамдардың негізділігі болуы, емле, пунктуация ережелері мен төменде көрсетілген ресімдеу талаптарына сәйкес болуы тиіс.
8. Жауапты хатшы тіркеу ережелеріне, секция тақырыбына сәйкес келмейтін материалдарды қайтаруға немесе қабылдамауға құқылы.

БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Павлодар қ., Ломов көш., 64-үй, Торайғыров университеті

Ғылыми әлеуетті дамыту және зияткерлік меншік бөлімі (236 каб.)

Тел.: 8 (7182) 67-36-83 жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін.

Вебсайт: www.sci-conf.tou.edu.kz